



**«Сентрас Секьюритиз» АҚ
Директорлар кеңесінің
30.04.2021 жылғы шешімімен
Бекітілді**

**«Сентрас Секьюритиз» АҚ-ның инсайдерлік ақпаратына билік
етуді және оны пайдалануды ішкі бақылау ережесі**

Алматы қ., 2021

1-тарау. Жалпы қағидалар, бақылау, жауапкершілік

1. «Сентрас Секьюритиз» АҚ-ның инсайдерлік ақпаратына билік етуді және оны пайдалануды ішкі бақылау ережесі (әрі қарай – Ереже) Қазақстан Республикасының «Бағалы қағаздар рыногы туралы», «Акционерлік қоғамдар туралы» Заңдарына, уәкілетті органның нормативтік құқықтық актілеріне, сондай-ақ «Сентрас Секьюритиз» АҚ-ның (әрі қарай – Компания) Жарғысына сәйкес етіп жасалды және инсайдерлік ақпаратты ашу, оған билік ету және пайдалану тәртібі мен шарттарын белгілейді.

Осы ережелермен ретке келтірілмеген мәселелер, Қазақстан Республикасының заңнамасына және Компанияның ішкі нормативтік құжаттарына сәйкес реттеледі.

2. Осы Ережелердің мақсаты - Қазақстан Республикасы заңнамасының инсайдерлік ақпараттарды пайдалану мәселелерін реттейтін нормаларының сақталуын қамтамасыз ету болып табылады.

3. Олармен таныстыру мақсатында Компания осы Ережелерді мемлекеттік және орыс тілдерінде Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік туралы заңнамасына сәйкес айқындалатын қаржылық есептілік депозитарийінің интернет-ресурсында орналастырылған, Компанияның интернет-ресурсында – www.cesec.kz немесе Қазақстан Республикасының аумағында жұмыс істейтін Биржаның интернет-ресурсында (Компанияның бағалы қағаздары Биржаның тізімінде болған және енгізілген жағдайда) - <http://kase.kz/> орналастырады, және де мүдделі тұлғалардың өтініштері бойынша осы Ережелердің көшірмелерін ұсынғаны үшін оларды дайындауға арналған шығындардан аспайтын мөлшердегі төлемақыны қоспағанда, ақысыз түрде беріледі.

4. Компанияның, оның лауазымды тұлғаларының, қызметкерлерінің, инсайдерлерінің осы Ережелердің талаптарын және Қазақстан Республикасының тиісті заңнамасын сақтауын бақылауды Компания Басқармасының Төрағасы, ал ол болмаған жағдайда – оның орнындағы тұлға жүзеге асырады.

5. Компания инсайдерлік ақпаратқа билік етуді және оны пайдалануды бақылауды осы Ережелерде көзделген іс-шараларды жүргізу жолымен қамтамасыз етеді.

6. Әрбір инсайдер осы Ережелер талаптарының, Қазақстан Республикасының заңнамасының, соның ішінде инсайдерлік ақпараттың, осы Ережелердің пайдаланылуына қатысты тыйым салу талаптарының сақталуына жауапты болады.

7. Компанияның құрылымдық бөлімшелерінің инсайдерлік ақпаратқа қол жеткізе алатын басшылары құпия ақпаратқа қолданылатын режимнің сақталуын қамтамасыз етуге міндетті.

8. Инсайдерлік ақпаратты рұқсатсыз ашу болмаса инсайдерлік ақпаратты қамтитын құжаттардың (ақпарат тасымалдағыштардың) жоғалуы қаупі немесе фактісі анықталған жағдайда, Компания қызметкері Компанияның Басқарма төрағасын (оның орнындағы тұлғаны) бұл жайында дереу хабардар етуге міндетті.

9. Осы Ережелермен көзделген шектеулер сақталмаған, инсайдерлік ақпарат заңсыз пайдаланылған және таратылған жағдайда, осындай бұзушылықтарға жол берген тұлғалар Қазақстан Республикасының заңнамасымен көзделген жауапкершілікке тартылады.

2-тарау. Негізгі анықтамалар мен ұғымдар

10. Осы Ережелер мақсаттарында пайдаланылатын негізгі анықтамалар мен ұғымдар:

- 1) инсайдер – Компанияның, эмитенттің инсайдерлік ақпаратына қол жеткізе алатын тұлға;
- 2) инсайдерлік ақпарат – бағалы қағаздар (туынды қаржы құралдары), олармен жасалатын мәмілелер туралы, сондай-ақ бағалы қағаздарды (туынды қаржы құралдарын) шығарған (берген) эмитент, ол жүзеге асыратын қызмет туралы коммерциялық құпияны құрайтын дәйекті ақпарат, сондай-ақ үшінші тұлғаларға беймәлім, жария етілуі бағалы қағаздар (туынды қаржы құралдары) құнының өзгеруіне және олардың эмитентінің қызметіне ықпал етуі мүмкін өзге де ақпарат;
- 3) Биржа (сауда-саттықты ұйымдастырушы) - «Қазақстан қор биржасы» Акционерлік қоғамы Қазақстан Республикасының аумағында жұмыс істейтін қор биржасы;
- 4) уәкілетті орган – Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі;
- 5) басшы қызметкер – атқарушы органның Төрағасы мен мүшелері, Директорлар кеңесінің Төрағасы мен мүшелері және Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес басшы қызметкерлер деп танылған өзге де қызметкерлер;
- 6) эмитент - эмиссиялық бағалы қағаздарды шығаруды жүзеге асыратын тұлға.

3-тарау. Инсайдерлердің және инсайдерлік ақпараттың тізімі

11. Келесі тұлғалар инсайдерлер болып танылады:

- 1) өзінің қызметтік жағдайына және еңбек міндеттеріне қарай инсайдерлік ақпаратқа қолжетімділігі бар Компания қызметкерлері: Компанияның барлық штаттық қызметкерлері;
- 2) Компанияның дауыс беретін акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) он немесе одан көп пайызын тікелей немесе жанама иеленуіне, пайдалануына және (немесе) оларға билік етуіне қарай инсайдерлік ақпаратқа қолжетімділігі бар тұлғалар;
- 3) аудиторлық ұйым, бағалаушы, бағалы қағаздар рыногына кәсіби қатысушылар және талаптарында инсайдерлік ақпаратты ашып көрсету көзделіп жасалған (оның ішінде ауызша) шартқа сәйкес Компанияға қызметтер көрсететін басқа да тұлғалар;
- 4) Компания шығарған (берген) бағалы қағаздар (туынды қаржы құралдары) оның тізіміне енгізілген сауда-саттықты ұйымдастырушы;
- 5) қор Биржасы директорлар кеңесінің және қор Биржасы листинг комиссиясының сауда-саттық жүйесінде Компанияның бағалы қағаздарымен және өзге де қаржы құралдарымен мәмілелер жасалатын;

Биржаның Директорлар кеңесінің және Биржаның листингілік комиссиясының сауда-саттық жүйесінде компанияның бағалы қағаздарымен және өзге қаржы құралдарымен мәмілелер жасалады

- 6) өздеріне берілген функциялар мен өкілеттіктерге қарай инсайдерлік ақпаратқа қолжетімділігі бар Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің уәкілетті органның және оның ведомстволарының қызметкерлері, мемлекеттік қызметшілер;
- 7) мүшелері Компания болып табылатын қоғамдық бірлестіктер мен кәсіптік ұйымдар және осы тармақтың 2), 3) және 4) тармақшаларында көрсетілген, өздеріне берілген өкілеттіктерге қарай инсайдерлік ақпаратқа қолжетімділігі бар ұйымдар;
- 8) осы тармақтың 2), 3), 4) және 7) тармақшаларында көрсетілген ұйымдардың өзінің қызметтік жағдайына және еңбек міндеттеріне қарай инсайдерлік ақпаратқа қолжетімділігі бар;

9) осы тармақтың 1) - 8) тармақшаларында аталған тұлғалардан инсайдерлік ақпаратты алған тұлғалар.

12. Инсайдерлерге:

- 1) бағалы қағаздармен (туынды қаржы құралдарымен) мәмілелер жасаған кезде инсайдерлік ақпаратты пайдалануға;
- 2) Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жағдайларды қоспағанда, инсайдерлік ақпаратты үшінші бір тұлғаларға беруге немесе үшінші бір тұлғалар үшін қолжетімді етуге;
- 3) инсайдерлік ақпаратқа негізделген, бағалы қағаздармен мәмілелер жасау туралы ұсынымдарды үшінші тұлғаларға беруге тыйым салынады.

13. Инсайдерлік ақпаратқа мыналар жатады:

- 1) Қазақстан Республикасының "Бағалы қағаздар рыногы туралы" Заңының 102-бабында көрсетілген, Компанияның бағалы қағаздарын ұстаушылардың мүддесін қозғайтын Компания қызметіндегі өзгерістер туралы инсайдерлік ақпарат, сондай-ақ Компанияның қаржылық есептілігі және Компанияның қаржылық жағдайын көрсететін өзге де мәліметтер;
- 2) Қазақстан Республикасының заңнамасына және Компанияның ішкі құжаттарына сәйкес инсайдерлік деп танылатын өзге да ақпарат.

14. Мыналар инсайдерлік ақпаратқа жатпайды:

- 1) инвестициялық шешімдер қабылдау және (немесе) бағалы қағаздармен (туынды қаржы құралдарымен) операцияларды жүзеге асыру туралы ұсынымдар немесе ұсыныстар әзірлеу мақсатында жасалған бағалы қағаз (туынды қаржы құралы) құнына, Компанияның/эмитенттің мүліктік жағдайына қатысты зерттеуді, болжауды және бағалауды қоса алғанда, жалпыға қолжетімді мәліметтер негізінде әзірленген ақпарат;
- 1) инвестициялық шешімдер қабылдау және (немесе) бағалы қағаздармен (туынды қаржы құралдарымен) операцияларды жүзеге асыру туралы ұсынымдар немесе ұсыныстар әзірлеу мақсатында жасалған бағалы қағаз (туынды қаржы құралы) құнына, Компанияның/эмитенттің мүліктік жағдайына қатысты зерттеуді, болжауды және бағалауды қоса алғанда, жалпыға қолжетімді мәліметтер негізінде әзірленген ақпарат (яғни қол жеткізу үшін талап етілетін және жалпы шектеулері жоқ ақпарат немесе Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес қол жеткізуге болатын ақпарат);
- 2) бұқаралық ақпарат құралдарынан алынған ақпарат;
- 3) дерек көзі беймәлім, қалың қауымға таралатын, расталмаған ақпарат, сондай-ақ Компанияның/эмитенттің ағымдағы немесе жоспарланған қызметіне қатысты болжамдар.

4-тарау. Инсайдерлік ақпаратқа қолжетімділігі бар тұлғалардың тізімін, оларды тізімге қосу/алып тастау туралы хабарламаны ұсыну, жүргізу, сайма-сай қалпында ұстау тәртібі

15. Қазақстан Республикасының заңнамасына және осы Ережелерге сәйкес, инсайдерлік ақпаратқа билік етуді және оны пайдалануды бақылап отыруды қамтамасыз ету мақсатында Компания мыналарды жүргізеді және сайма-сай қалпында ұстап тұрады:

- 1) Осы Ережелерге 1-қосымшадағы нысан бойынша Компанияның (инсайдерлердің тізімін) инсайдерлік ақпаратына қолжетімділігі бар тұлғаларының тізімін;
- 2) Осы Ережелерге 2-қосымшадағы нысан бойынша, оларға қатысты алғанда Компания инсайдерлер деп танылған эмитенттердің инсайдерлік ақпаратына өзінің қызметтік

жағдайына және еңбек міндеттеріне қарай қолжетімділігі бар Компания қызметкерлерінің тізімін.

Бұл Тізімдерге орындаушылар бұрыштама қояды, оларды Компания Басқармасының Төрағасы, ал ол болмаған жағдайда – оның орнындағы тұлға бекітеді (қол қояды) де, олар жасалған/соңғы жаңартылған сәттен бастап 5 (бес) жыл бойы Компанияда сақталады.

16. Корпоративтік қаржыландыру департаменті мыналардың ұсынылуына жауапты бөлімше (орындаушы) болып табылады:

1) Эмитентке: Оларға қатысты алғанда Компания инсайдерлер деп танылған эмитенттердің инсайдерлік ақпаратына өзінің қызметтік жағдайына және еңбек міндеттеріне қарай қолжетімділігі бар Компания қызметкерлерінің тізімі - Эмитенттің жазбаша сұрау салуы негізінде, Эмитентпен жасасқан шартпен көзделген мерзім ішінде немесе, осындай эмитенттердің инсайдерлік ақпаратқа билік етуін және оны пайдалануын ішкі бақылау Ережелерімен бекітілген мерзімдерде және тәртіпте.

2) Уәкілетті органға: Компанияның инсайдерлік ақпаратқа қолжетімділігі бар тұлғаларының тізімі (Инсайдерлердің тізімі) - жазбаша сұрау салу, Қазақстан Республикасының заңнамасымен көзделген ақпаратты көрсете отырып сұрау салуда көзделген мерзімде.

Корпоративтік қаржыландыру департаменті оларға қатысты алғанда Компания инсайдер деп танылған эмитенттерге инсайдерлердің тізімін осы Ережелерге 2-ші нысан бойынша, осындай эмитенттердің инсайдерлік ақпаратқа билік етуін және оны пайдалануын ішкі бақылау Ережелерімен бекітілген мерзімдерде және тәртіпте ұсынады.

17. Компанияның HR-қызметі Корпоративтік қаржыландыру департаментіне тоқсан сайынғы негізде, 20 қаңтарға, 20 сәуірге, 20 шілдеге, 20 қазанға дейінгі мерзімде 01 қаңтардағы, 01 сәуірдегі, 01 шілдедегі, 01 қазандағы жағдай бойынша ұсынылатын, Компанияның инсайдерлік ақпараттарына қолжетімділігі бар Компания қызметкерлері тізімінің жүргізілуіне және сайма-сай қалпында ұстап тұрылуына жауапты бөлімше (орындаушы) болып табылады.

Сондай-ақ Компанияның HR-қызметі Компанияның инсайдерлік ақпараттарына қолжетімділігі бар Компания қызметкерлері тізімін Компанияның штаттық кестесі өзгертілген (кадрлық өзгерістер) күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде өзектендіреді де, өзекті Тізімді бірден Корпоративтік қаржыландыру департаментіне береді.

18. Корпоративтік қаржыландыру департаменті оларға қатысты алғанда Компания инсайдерлер деп танылған эмитенттердің инсайдерлік ақпаратына өзінің қызметтік жағдайына және еңбек міндеттеріне қарай қолжетімділігі бар Компания қызметкерлері Тізімінің және Компанияның инсайдерлік ақпараттарына қолжетімділігі бар заңды тұлғалар Тізімінің жүргізілуіне және сайма-сай қалпында ұстап тұрылуына жауапты бөлімше (орындаушы) болып табылады.

Заңды тұлға Компанияның инсайдерлік ақпаратына қолжетімділік берілген/тоқтатылған қызметкерлер туралы ақпаратты ұсынбаған жағдайда, Компания мұндай тұлғаға Қазақстан Республикасы заңнамасының және осы Ережелердің талаптарын орындау қажеттілігі туралы, сондай-ақ Қазақстан Республикасы заңнамасымен және осы Ережелермен бекітілген талаптардың орындалмағандығы үшін жауапкершілік туралы ескертпе-хат жолдауға құқылы болады. Аталған жағдайда мұндай хат еркін нысанда жасалады.

19. Жауапты бөлімше (орындаушы) тиісті тұлғаларды олардың Компанияның инсайдерлер тізіміне қосылғандығы (танылуы) немесе шығарылып тасталғандығы туралы жазбаша түрде хабардар етеді.

Тұлғаның Компанияның Инсайдерлер тізіміне қосылуы (танылуы) туралы хабарламаны жауапты бөлімше (орындаушы) осы Ережелерге 3-қосымшаға сәйкес нысанда жасайды да, ол Тізімге Компания штатына қабылдау кезінде/Компаниядағы басқа лауазымға ауыстыру кезінде қосылған тұлғаның тікелей өзіне қол қоюға беріледі.

Тұлғаның Компанияның Инсайдерлер тізіміне қосылуы (танылуы) туралы хабарламаны жауапты бөлімше (орындаушы) осы Ережелерге 4-қосымшаға сәйкес нысанда жасайды да, ол Тізімге қосылған тұлғаның тікелей өзіне беріледі немесе тұлға Компанияның инсайдерлер тізіміне қосылған күннен кейінгі 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктірмей, Компанияның инсайдері болып табылатын тұлғаның белгілі болған мекенжайына жолданады.

Тұлғаның Компанияның Инсайдерлер тізімінен шығарылып тасталуы туралы хабарламаны жауапты бөлімше (орындаушы) осы Ережелерге 5-қосымшаға сәйкес нысанда жасайды да, ол Тізімнен Компания штатынан кеткен кезінде шығарылып тасталған тұлғаның тікелей өзіне қол қоюға беріледі.

Тұлғаның Компанияның Инсайдерлер тізімінен шығарылып тасталуы туралы хабарламаны жауапты бөлімше (орындаушы) осы Ережелерге 6-қосымшаға сәйкес нысанда жасайды да, ол Тізімнен шығарылып тасталған тұлғаның тікелей өзіне беріледі немесе сол тұлға тізімнен шығарылып тасталған күннен кейінгі 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктірмей, аталған тұлғаның белгілі болған мекенжайына жолданады.

Сондай-ақ осы хабарламаларды жеке/занды тұлғаның электронды мекенжайына жолдау арқылы жіберуге жол беріледі.

5-тарау. Инсайдерлік ақпаратты ашып көрсету, орналастыру тәртібі мен мерзімдері

20. Инсайдерлік ақпаратты ашып көрсету Қазақстан Республикасының заңнамасына және осы Ережелерге сәйкес, оны Компанияның интернет-ресурсында, Биржаның интернет-ресурсында, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес айқындалған қаржылық есептілік депозитарийінің интернет-ресурсында орналастыру арқылы және/немесе Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда - барлық мүдделі тұлғалар үшін ашық қолжетімділікте, мемлекеттік және орыс тілдерінде, мерзімді баспа басылымдарында (юридическая газета, Заң газеті, шығарылым мерзімділігі: сейсенбі, жұма) жариялау арқылы жүзеге асырылады.

21. Инсайдерлік ақпаратты ашып көрсету мерзімдері:

1) Қазақстан Республикасының "Бағалы қағаздар рыногы туралы" Заңының 102-бабы 2-тармағында көрсетілген, Компанияның бағалы қағаздарын ұстаушылардың мүддесін қозғайтын Компания қызметіндегі өзгерістер туралы инсайдерлік ақпарат Қазақстан Республикасының заңнамасымен бекітілген тәртіпте және мерзімде қаржылық есептілік депозитарийінің интернет-ресурсында орналастырылады.

2) Тізімі Қазақстан Республикасының заңнамасымен айқындалған Компанияның корпоративтік оқиғалары туралы инсайдерлік ақпарат, Қазақстан Республикасының заңнамасымен бекітілген тәртіпте және мерзімде қаржылық есептілік депозитарийінің интернет-ресурсында орналастырылады.

3) Ашып көрсету мерзімдері Қазақстан Республикасының заңнамасымен және (немесе) Биржа Ережелерімен анықталмаған өзге инсайдерлік ақпарат, ол пайда болған күннен кейін 3 (үш) жұмыс ішінде Компаниямен жариялануға жатады.

4) Компанияның бағалы қағаздары Биржа тізіміне қосылған жағдайда, Компания мен оның инсайдерлер тізіміне қосылған тұлғалары Компания және шығарылған (ұсынылған) бағалы қағаздар (туынды қаржы құралдары) туралы инсайдерлік ақпараттың ашып көрсетілуін қамтамасыз етеді, оның ашып көрсетілуі Биржа Ережелерімен бекітілген шарттарда және тәртіпте осы бағалы қағаздармен (туынды қаржы құралдарымен) сауда-саттық басталғанға дейін олардың құнының және олардың эмитенті қызметінің өзгеруіне ықпал етеді.

Компания Қазақстан Республикасы заңнамасының және осы Ережелердің талаптарына сәйкес ақпаратты ашуды қамтамасыз етеді.

Егер Компания инсайдерлікке жататын ақпараттың талап етілетін конфиденциалдылық дәрежесінің сақталмауы немесе осы ақпараттың конфиденциалдылығының бұзылуына жол берілуі мүмкін деп санаса, Компания ол туындаған күннен кейін 3 (үш) жұмыс күні ішінде оны ашу бойынша шараларды қабылдауы тиіс.

22. Инсайдерлік ақпаратты осы Ережелермен айқындалған бірнеше бұқаралық ақпарат құралдарында орналастыру (жариялау) жолымен ашып көрсеткен жағдайда, инсайдерлік ақпаратты алғашқы орналастыру (жариялау) күні инсайдерлік ақпаратты ашып көрсету күні болып саналады.

23. Компанияның қызметіне қатысты, жалпыға бірдей қолжетімді болып табылмайтын ақпарат, егер салдарына байланысты эмитенттің мүліктік және қаржылық жағдайы үшін бұл ақпараттың осы эмитент шығарған (берген) бағалы қағаздардың (туынды қаржы құралдарының) құнына әсер етуге ықпалы болса, оның ресми ашылу (жариялану) сәтіне дейін инсайдерлік ақпаратқа жатады, Сонымен қатар, Компания және Компанияның инсайдерлері болып танылатын тұлғалар инсайдерлік ақпараттың ресми ашылу (жариялану) сәтіне дейін инсайдерлік ақпараттың конфиденциалдылығын қамтамасыз етеді.

24. Ашып көрсетуге жататын инсайдерлік ақпараттың мазмұнына Басқарманың Төрағасы (оның орнындағы тұлға) және осындай ашып көрсетуге уәкілетті тұлға қол қояды.

25. Корпоративтік қаржыландыру департаменті инсайдерлік ақпараттың Биржаның интернет-ресурсында және www.cesec.kz Компанияның интернет-ресурсында ашып көрсетілуі үшін жауапты бөлімше (орындаушы) болып табылады.

Бас бухгалтер инсайдерлік ақпараттың қаржылық есептілік депозитарийінің интернет-ресурсында ашып көрсетілуі үшін жауапты тұлға (орындаушы) болып табылады.

Заң қызметінің бастығы инсайдерлік ақпараттың мерзімді баспа басылымдарында (юридическая газета, Заң газеті) ашып көрсетілуі үшін жауапты тұлға (орындаушы) болып табылады.

6-тарау. Инсайдерлік ақпаратқа қол жеткізу құқықтарының аражігін ажырату тәртібі

26. Компания Қазақстан Республикасы заңнамасының инсайдерлік ақпаратқа қол жеткізу құқықтарының аражігін ажырату және инсайдерлердің мұндай ақпаратты заңсыз пайдалану мүмкіндігіне жол бермеу бойынша талаптардың сақталуын бақылауды жүзеге асырады.

27. Инсайдерлік ақпаратқа қолжетімділік Компанияның инсайдерлік ақпаратының құпиялылығын сақтау туралы қағидаттарды көздейтін, арада жасалған еңбек және/немесе азаматтық-құқықтық шарттар негізінде Компания қызметкерлерін қоса алғанда инсайдерлермен жүзеге асырылады. Инсайдерлік ақпаратқа қолжетімділікті алу қажет болатын тұлғамен жасалған тиісті еңбек және/немесе азаматтық-құқықтық шарт болмаған жағдайда, сондай қолжетімділікті ұсыну мүмкіншілігі туралы мәселе жеткізу сол тұлғаның Компанияның уәкілетті бөлімшесіне осындай ақпаратты алу қажеттілігінің себебін, сондай-ақ оны көшіріп алу қажеттілігін көрсете отырып, сұрау салуы негізінде қарастырылады, сұрау салу қаралғаннан кейін өтінім берушіге инсайдерлік ақпаратқа жіберілетіндігі немесе

жіберуден бас тартылатындығы туралы хабарланады. Жіберу жайында шешім қабылданған жағдайда, өтінім беруші құпиялылық туралы мәлімдемеге қол қоюы тиіс. Өтінім беруші аталған құжаттарға қол қойғаннан кейін Компания оған оның инсайдерлер тізіміне қосылғандығы туралы хабарламаны жолдайды.

«Сентрас Секьюритиз» АҚ-ның инсайдерлік ақпаратына билік етуді
және оны пайдалануды ішкі бақылау Ережелеріне
1-Қосымша

НЫСАН

_____ жылғы жағдай бойынша
«Сентрас Секьюритиз» АҚ-ның инсайдерлік ақпаратына
қолжетімділігі бар тұлғалардың тізімі

Жеке тұлғалар

№	Жеке тұлғаның тегі, аты (бар болған жағдайда - әкесінің аты)	Туған күні	Лауазымы	Инсайдерлердің тізіміне қосудың негізі	Инсайдерлердің тізіміне қосу үшін негіздің пайда болған күні	Инсайдерлердің тізімінен шығарылып тасталған күні
---	--	------------	----------	--	--	---

Заңды тұлғалар

№	Заңды тұлғаның атауы	Заңды тұлғаның орналасқан жері	Заңды тұлғаның мемлекеттік тіркелуін (қайта тіркелуін) растайтын құжаттың деректемелері	Инсайдерлердің тізіміне қосудың негізі	Инсайдерлердің тізіміне қосу үшін негіздің пайда болған күні	Инсайдерлердің тізімінен шығарылып тасталған күні
---	----------------------	--------------------------------	---	--	--	---

«Сентрас Секьюритиз» АҚ Басқармасының Төрағасы _____
(ТАӘ, қолы), немесе оның орнындағы тұлғаның деректері

МО

Орындаушы (HR қызмет): _____ (ТАӘ, қолы)
Тізім толтырылған күн _____

Орындаушы (Корпоративтік қаржыландыру департаменті): _____ (ТАӘ, қолы)
Тізім толтырылған күн _____

«Сентрас Секьюритиз» АҚ-ның инсайдерлік ақпаратына билік етуді
және оны пайдалануды ішкі бақылау Ережелеріне
2-Қосымша

заңды тұлғаға арналған нысан

_____ жылғы жағдай бойынша
оларға қатысты алғанда «Сентрас Секьюритиз» АҚ инсайдерлер деп танылған
эмитенттердің инсайдерлік ақпаратына өзінің қызметтік жағдайына және еңбек
міндеттеріне қарай қолжетімділігі бар Компания қызметкерлерінің тізімі

№	Жеке тұлғаның тегі, аты (бар болған жағдайда - әкесінің аты) *	Туған күні	Лауазымы	Инсайдерлердің тізіміне қосудың негізі	Инсайдерлердің тізіміне қосу үшін негіздің пайда болған күні	Инсайдерлердің тізімінен шығарылып тасталған күні
---	--	------------	----------	--	--	---

* қызметкерлердің байланыс деректері – эмитенттің сұрау салуы бойынша.

«Сентрас Секьюритиз» АҚ Басқармасының Төрағасы _____
(ТАӘ, қолы), немесе оның орнындағы тұлғаның деректері

Орындаушы (Корпоративтік қаржыландыру департаменті): _____ (ТАӘ, байланыстары)
Тізім толтырылған күн _____

жеке тұлғаларға арналған нысан

**Тұлғаның «Сентрас Секьюритиз» АҚ-ның инсайдерлер тізіміне
қосылуы (танылуы) туралы хабарлама**

Жеке тұлғаның тегі, аты (бар болған жағдайда - әкесінің аты)	Туған күні, айы, жылы	Лауазымы	Тізімге қосылу күні	Таныстым, қолы
---	--------------------------------------	-----------------	--------------------------------	---------------------------

Осы арқылы "Сентрас Секьюритиз" АҚ (әрі қарай – Компания) Сіздің _____ жылдан бастап Қазақстан Республикасының "Бағалы қағаздар рыногы туралы" (негіз: _____) заңына сәйкес Компанияның инсайдері болып танылғаныңыз және «Сентрас Секьюритиз» АҚ-ның инсайдерлер тізіміне қосылғандығыңыз туралы хабарлайды.

Сізге Қазақстан Республикасы заңнамасының және/немесе «Сентрас Секьюритиз» АҚ-ның инсайдерлік ақпаратына билік етуді және оны пайдалануды ішкі бақылау Ережелерінің талаптарын бұзу Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жауапкершілікке әкеп соқтыратындығы туралы хабарлаймыз, осыған байланысты Компанияның инсайдері деп танылған тұлға:

- 1) Қазақстан Республикасының «Бағалы қағаздар рыногы туралы» Заңын, сондай-ақ «Сентрас Секьюритиз» АҚ-ның инсайдерлік ақпаратына билік етуді және оны пайдалануды ішкі бақылау Ережесін қоса алғанда Қазақстан Республикасы заңнамасының Компанияның инсайдерлік ақпаратын пайдалану/ашып көрсету бөлігіндегі талаптарын сақтауға, инсайдерлік ақпараттың қорғалуын қамтамасыз етуге және таратпауға;
- 2) Олардың эмитенті Компания болып табылатын бағалы қағаздармен (туынды қаржы құралдарымен) мәмілелер жасаған кезде инсайдерлік ақпаратты пайдаланбауға;
- 3) Компанияның инсайдерлік ақпаратын үшінші бір тұлғаларға бермеуге немесе үшінші бір тұлғалар үшін қолжетімді етпеуге;
- 4) Компанияның инсайдерлік ақпаратына негізделген, бағалы қағаздармен мәмілелер жасау туралы ұсынымдарды үшінші тұлғаларға бермеуге міндетті.

Орындаушы (HR қызмет): _____ **(ТАӘ, қолы)**

заңды тұлғаға арналған нысан

**Тұлғаның «Сентрас Секьюритиз» АҚ-ның инсайдерлер тізіміне
қосылуы (танылуы) туралы хабарлама**

Осы арқылы "Сентрас Секьюритиз" АҚ (әрі қарай – Компания) Сіздің _____ жылдан бастап Қазақстан Республикасының "Бағалы қағаздар рыногы туралы" (негіз: _____) заңына сәйкес Компанияның инсайдері болып танылғаныңыз және «Сентрас Секьюритиз» АҚ-ның инсайдерлер тізіміне қосылғандығыңыз туралы хабарлайды.

Сізге Қазақстан Республикасы заңнамасының және/немесе «Сентрас Секьюритиз» АҚ-ның инсайдерлік ақпаратына билік етуді және оны пайдалануды ішкі бақылау Ережелерінің талаптарын бұзу Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жауапкершілікке әкеп соқтыратындығы туралы хабарлаймыз, осыған байланысты Компанияның инсайдері деп танылған тұлға:

- 1) Қазақстан Республикасының «Бағалы қағаздар рыногы туралы» Заңын, сондай-ақ «Сентрас Секьюритиз» АҚ-ның инсайдерлік ақпаратына билік етуді және оны пайдалануды ішкі бақылау Ережесін қоса алғанда Қазақстан Республикасы заңнамасының Компанияның инсайдерлік ақпаратын пайдалану/ашып көрсету бөлігіндегі талаптарын сақтауға, инсайдерлік ақпараттың қорғалуын қамтамасыз етуге және таратпауға;
- 2) Олардың эмитенті Компания болып табылатын бағалы қағаздармен (туынды қаржы құралдарымен) мәмілелер жасаған кезде инсайдерлік ақпаратты пайдаланбауға;
- 3) Компанияның инсайдерлік ақпаратын үшінші бір тұлғаларға бермеуге немесе үшінші бір тұлғалар үшін қолжетімді етпеуге;
- 4) Компанияның инсайдерлік ақпаратына негізделген, бағалы қағаздармен мәмілелер жасау туралы ұсынымдарды үшінші тұлғаларға бермеуге міндетті.

Компанияның инсайдері деп танылған заңды тұлға жоғарыда тізіліп өткендер міндеттермен қатар:

- 1) өзінің қызметтік жағдайына және еңбек міндеттеріне қарай «Сентрас Секьюритиз» АҚ-ның инсайдерлік ақпаратына қолжетімділігі бар өз қызметкерлерінің тізімін жүргізуге;
- 2) «Сентрас Секьюритиз» АҚ-дан сұрау салуды алған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күнінің ішінде «Сентрас Секьюритиз» АҚ-ға өзінің қызметтік жағдайына және еңбек міндеттеріне қарай «Сентрас Секьюритиз» АҚ-ның инсайдерлік ақпаратына қолжетімділігі бар өз қызметкерлері туралы ақпаратты ұсынуға, сондай-ақ аталған мәліметтерді _____ айдың бірінші күніндегі жағдай бойынша (ай сайын/тоқсан сайын) төмендегі нысанда ұсынуға:

№	Жеке тұлғаның тегі, аты (бар болған жағдайда - әкесінің аты)	Туған күні	Лауазымы	Инсайдерлердің тізіміне қосудың негізі	Инсайдерлердің тізіміне қосу үшін негіздің пайда болған күні	Инсайдерлердің тізімінен шығарылып тасталған күні
---	--	------------	----------	--	--	---

- 3) өз қызметкерлерін Қазақстан Республикасы заңнамасының, соның ішінде Қазақстан Республикасының "Бағалы қағаздар рыногы туралы" Заңының «Сентрас Секьюритиз» АҚ-ның инсайдерлік ақпаратын пайдалануға тыйым салу бөлігіндегі талаптары және «Сентрас Секьюритиз» АҚ-ның инсайдерлік ақпаратына билік етуді және оны пайдалануды ішкі бақылау Ережелерінің талаптары жайында ақпараттандыруға міндетті.

**«Сентрас Секьюритиз» АҚ Басқармасының Төрағасы _____
(ТАӘ, қолы), немесе оның орнындағы тұлғаның деректері**

Орындаушы (Корпоративтік қаржыландыру департаменті): _____ (ТАӘ, байланыстары)

«Сентрас Секьюритиз» АҚ-ның инсайдерлік ақпаратына билік етуді
және оны пайдалануды ішкі бақылау Ережелеріне
5-Қосымша

жеке тұлғаларға арналған нысан

**Тұлғаның «Сентрас Секьюритиз» АҚ-ның инсайдерлер тізімінен
шығарылып тасталуы туралы хабарлама**

Жеке тұлғаның тегі, аты (бар болған жағдайда - әкесінің аты)	Туған күні, айы, жылы	Лауазымы	Тізімнен шығарылып тасталған күні	Таныстым, қолы
--	-----------------------------	----------	---	-------------------

Осы арқылы «Сентрас Секьюритиз» АҚ (әрі қарай – Компания) Сіздің «_____» _____ 20__ жылдан бастап _____ (негізін көрсету) байланысты Компанияның инсайдерлер тізімінен шығарылып тасталғандығыңыз туралы хабарлайды.

Орындаушы (HR қызмет): _____ (ТАӘ, қолы)

«Сентрас Секьюритиз» АҚ-ның инсайдерлік ақпаратына билік етуді және оны пайдалануды ішкі бақылау Ережелеріне
6-Қосымша

заңды тұлғаға арналған нысан

Тұлғаның «Сентрас Секьюритиз» АҚ-ның инсайдерлер тізімінен шығарылып тасталуы туралы хабарлама

Осы арқылы «Сентрас Секьюритиз» АҚ (әрі қарай – Компания) Сіздің «_____»._____20__жылдан бастап _____ (негізін көрсету) байланысты Компанияның инсайдерлер тізімінен шығарылып тасталғандығыңыз туралы хабарлайды.

**«Сентрас Секьюритиз» АҚ Басқармасының Төрағасы _____
(ТАӘ, қолы), немесе оның орнындағы тұлғаның деректері**

Орындаушы (Корпоративтік қаржыландыру департаменті): _____ (ТАӘ, байланыстары)